ҒТАХР: 03.20

ЕРТІС ӨҢІРІ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДА ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

М.И. Рахимов
тарих факультетінің 2 курс докторанты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: madi_025@mail.ru

Мақалада Қазақстанның киелі географиясын зерттеу бойынша саяси-қоғамдық және ғылыми қолданыстағы «киелі», «қасиетті» терминдерінің этимологиясы қарастырылады. Мақаланың басты мақсаты - Ертіс өңірінің қасиетті жерлеріне арналған ғалымдардың зерттеулерін талдау, сол қасиетті нысандардың Қазақстанның рухани жағдайындағы алатын орны, маңыздылығы мен өзектілігін анықтау. Сонымен қатар тарихи санада «киелі жер» түсінігінің ғылыми - теориялық негіздері талданады.

Түйін сөздер: *Рухани жаңғыру, киелі орындар, қасиетті жерлер, Ертіс өңірі, Емші көл*

Адамзат өркениет ошақтарының қалыптасуы мен дамуы ұлы өзендердің есімімен байланысты екені тарихтан белгілі. Ертіс өзені де осындай ұлы өзендердің бірі. Ертіске «ұлы» сөзінің қолданылуы жайында қазақтың белгілі тарихшысы Ж.О. Артықбаев, алаштың ардақты азаматы Ә.Н. Бөкейхановтың Ертісті «ұлы» - деп атап, «Ұлы Ертістің белдеуі» - деген мақаласын арнағанын атап келтіреді [1]. Ал қимақ-қыпшақ тайпалары Ертіс өзенің құдай деп санаған. Гардизи жазады: «Кимаки оказывают уважение к этой реке, почитают ее, поклоняются ей и говорят: «Река – бог кимаков» [2, 44 б.]. Яғни өзен түркі халықтарының түсінігінде киелі мағынасына ие болған.

Жалпы Ертіс өзені Орта Азиядағы ең үлкен өзендердің қатарына жатады. Ұзындығы 4248 км. құрайды. Ертіс басын Үлкен Алтайдан алады. Зайсан көліне дейін өзен Қара Ертіс деп аталады. Көлден шыққан Ертіс далалық аймақпен Ақ немесе Тынық Ертіс атауымен 300 км. ағады. Кейін таулы аймақпен 100 км. жылдам ағысқа көшіп, өзен Жылдам Ертіс деп аталады. Өскемен қаласынан Сібір жазығына шығып, Объ бассейініне құйып, Солтүстік Мұзды мұхитына төмендей береді [3, 435 б.].

Ертіс атауы VIII ғасырда көне түрік жазбаларында кездеседі. Күлтегін ескерткішінде түріктер Ертіс арқылы жүзіп өтіп, түргеш тайпасын жеңгенін жазады. Ертістің алғашқы этимологиялық шешімін М. Қашғари беруге талпынған. Ол «эртишмак», яғни жылдам жүзіп өту деген [4, 127 б.]. Академик В. Бартольд Масудидің Китаб ат-танбих еңбегінде «Қара» және «Ақ» Ертіс туралы айтылатынын және Каспийге құятынын, ал Худуд ал - алам еңбегінің авторы Ертісті Волганың бір ағысы деп санайтының және жергілікті халықтың аңызы бойынша Ертіс атауы Артуш (Эртюш, Ер түс - человек спустись) мағынасынан шыққанын жазады [3, 435 б.].

Біздің пікірімізше Ертіс сөзінің этимилогиясына қатысты дұрыс анықтаманы В.П. Семенов-Тяньшанский берген секілді. Ол жазады: «Иртыш (ир(жер) – по киргизски «земля», тыш(тіс) – рыть)». «Иртыш» «жерді тіліп аққан» деп аударуға болады [5, 19 б.].

Тақырыпты жүйелі қарастыру мақсатында «қасиетті», «киелі» терминологиялық түсініктерінің мағынасын ашқан жөн. «Қасиетті», «киелі» деп біз қандай жерлерді атаймыз? Неліктен ол киелі? Ертіс өңіріндегі киелі жерлерге қандай нысандар кіреді? Себебі осы сауалдың нәтижісінде қоғамда әр түрлі көзқарастар туындаса, ғылымда әр қилы ұстанымдар қалыптасқан.

Философиялық сөздіктерде «киелі» дегеніміз (латын тілінен – sacer) – құрмет тұту, қасиетті деп жариялау, құдайға арналған [6, 366 б.], ал «қасиет» сөзінің мағынасын (латынша - mysterium tremendum) – адамды бір мезетте бақытты ете алатын немесе қорқыныш пен үрейге иландыратын белгісіз күш деп анықтаған [6, 224 б.]. Қазақ сөзіндегі «киелі» ұғымының мағынасын М. Қашқаридің «Түрік сөздігінде» «КИЕ – қасиет қонған «кісілік»» [4, 233 б.], анықтамасында берілсе, Ж. Баласағұнидің «Құтты білігінде» киелі сөзі орнына «иесі» сөзін қолданған. Мысалы:

«Айтты Одғұрмыш өлімнің шын келгенін,
Түсіне еніп иесі аян бергенін» [7, 477 б.],

Бұл жерде «ие» деген жанның иесі, иелік етушісі Тәңірі екендігін айтады. Яғни «киелі» түсінігі трансцендентальдік, мистикалық дүниемен байланыс ретінде қарастырылған. Қазақтың түсіндірме

сөздігінде «Киелі» сөзіне екі түрлі анықтама берілген, біріншісі – ескі, қасиетті мағынасында, екіншісі – қадірлі, абыройлы, ардақты [8, 45 б.]. Бұл орайда С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігіне де назар аудара кеткен жөн. Онда «сакраментальный – қасиетті, маңызды» - деп анықталып [9, 602 б.], қазақша түсіндірмемен мағынасы үндесетінің байқаймыз.

Онтологиялық тұрғыда «киелі» күнделікті болмыстан ажыратылатын шынайлықтың жоғары деңгейі; гносеологиялық тұрғыдан ақыл жетпейтін ақиқат; феномен тұрғысынан таңқалдыратын, ғажап дүние; аксиологиялық тұрғыда абсолютті, императивті құбылыс.

Неміс философы Р. Отто киелі категориясын «нуминоз» деген сөзбен алмастырады (латын тілінен numen – құдай құдыреттілігінің белгісі); Киелілікті сипаттайтын тағы бір қатынасқа түскен кезде әрбір адамның бойында пайда болатын масаттану, тартылыс, таңғалдырарлық сезімнің пайда болуы. Нумизмондық сезімдер кешені пайда болған кезде ол абсолютті құндылық дәрежесіне ие болады. Осы құндылықты Отто «sanctum» (латын тілінен – қасиетті, киелі), ирроцианалдық тұрғысында «augustum» (латын тілінен – құдыретті, қасиетті) деп атайды [10, 367 б.].

Ш. Уәлиханов киелі жерлерге байланысты былай айтқан: «Табиғат пен жаратылыстың барлық тосын құбылыстары көрініс берген жерлерді қасиетті деп санайды. Ол жерлерде әулие түнеп кетті немесе болды деп ұғады. Барлық қорғандарды оба дейді, Ол топырақ үйілген төбешіктер. Құлан түздегі сыңарланып өскен ағаш болсын немесе бұтақтары таңғажайып формадағы өсімдіктер болсын, олардың тұрған жері қасиетті деп саналады. Ондай қасиетті жерлерге түнегенде немесе жанынан өтіп бара жатқанда, адамдар шүберек, аттың қылын байлайды, ыдыс-аяқ қойып, әулиеге арнап құрбандыққа мал сояды» [11, 209 б.].

Сондықтан «киелі» терминін дін тұрғысынан ғана емес, бұл санатқа ерекше құрметтелетін, қол тигізілмейтін, асыл, әділетті іс, әдет-ғұрып мағынасында қолданылатын қасиеттерді алып қарастыру керек. Яғни қазыналы, қымбатты, маңызды белгілерімен байланысты нысандар. Сондықтан «киелі» статусына ата-баба аруағына, табиғат құдыретіне, өшпес ерлікке қатысты тарихи-географиялық, мәдени маңызға ие нысандар жатқызылады.

Белгілі тарихшы Хангелді Әбжанов: «Қазақ халқы сакральді сөзін естімей тұрып-ақ дінді ғана емес, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастырды. Мәселен, табалдырыққа тұруға, босағаны керуге, малды ұруға, молаға қарай жүгіруге болмайтынын қатаң бақылауы шаңырақты, мал-жанды, әруақтарды – екі дүниені де ерекше құрметтегеніміздің дәлелі ғой. Сакральді географияның түпкөздегені де – осы» - дейді [12, 6 б.]. Яғни, ғалым «киелі» сөзі мағынасының қоршаған ортаның тылсым сырларымен тығыз байланысты екеніне назар аудартады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымының ерекше маңыздылығына тоқтала келіп: «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі — неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол — ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі» [13] деген болатын. Расында да халқымыздың бұрыннан келе жатқан баба ізімен жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, туған жеріне құрметпен қарау, ата-аймақтарында орын алған тарихи оқиғаларды таныту және дәстүрлі мәдени болмысымызды бойларына сіңірту бүгінгі күннің басты талабы.

Ендігі кезек киелі жерлер ұғымына енетін нысандардың типтік санатын анықтау. Тарих ғылымдарының докторы Муминов А.К. «Родословное древо Мухтара Ауэзова» атты еңбегінде киелі орындардың типологизациясын жасауда кеңес дәуірінің этнографы Г.П. Снесаревке сүйенеді. Ол киелі жерлердің төрт типін бөліп көрсетеді: 1) бейнесі анықталмаған киелілер және олардың өз есімдері мен қарапайым тұрағы болмағандар; 2) библиялық-құрандық кейіпкерлер, бұған ерте ислам тарихының тұлғалары жатады; 3) ортағасырлық сопылар. Олар ерте кезден жалпы танымал және жергілікті; 4) мазарлары инерциялы түрде табыну объектісіне айналған жергілікті билік өкілдері. Ол иемденген киелі орындарға байланысты тағы бір топтама ұсынады: 1) Ежелгі батырлар; 2) Пайғамбарлар, Құрандағы кейіпкерлер; 3) Шиит-қайсаниттер; 4) Мұхамед пайғамбардың ізбасарлары; 5) Шииттік имамдар; 6) Сопылар; 7) Ру тотемдері; 8) Киелілердің жаңа ұрпақтары. Мазарлар танымалдығына және әйгілілігіне байланысты бірнеше топқа бөлінеді: 1) барлық Орталық Азияға танымал; 2) бір өлкеге немесе толық бір аймаққа танымал; 3) шектеулі жерге ғана танымал. Бұл жерде Г.П. Снесаревтің киелі жерлерді типтік бөлінуі көбіне діни сипат тұрғысынан қарастырған. Дегенмен де тарихи зерттеу нысанында ескерілетін құбылыс [14, 122 б.].

Ертіс өңірінің киелі жерлерін типтік бөлінісінде «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлының алты топтық жіктемесі негізге алынды. Атап айтқанда, табиғи-ландшафтық қастерлі орындар, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, Қазақ хандығының астаналары мен қалалары, зиярат етуге арналған діни-ғұрыптық нысандар, тарихи тұлғаларға қатысты қастерлі жерлер, саяси-тарихи оқиғаларға байланысты киелі орындар [15].

Ертіс өңірінің қасиетті жерлеріне қатысты жалпы Қазақстанның киелі географиясына қатысты іргелі еңбектердің жоқ екендігін атап кеткен жөн. Қазақстанның тарихнамасында Ертіс өңіріндегі ортағасырларда орын алған тарихи оқиғалар археологиялық еңбектерде және кейбір жекелеген зерттеулердің тараушаларында ғана қарастырылып отырған. Сондықтан нақты мәселемен байланыс дәрежесінде ғана көрініс табады.

Ертіс бойының киелі жерлері туралы мағлұматтарды Ш. Уәлиханов [11], М. Ж. Көпеев[16], Г.Н. Потанин [17] еңбектерінен жолықтырамыз.

Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылуымен еліміздің географиясын зерттеу бойынша барлау экспедициялары жүргізілген болатын. Қазақстанды Азияға шығатын кілт пен қақпа түрінде көрген Ресей патшалары қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, жер бедерін, атақты тұлғалары, этнография мен мәдениеті, тарихына байланысты зерттеулер жүргізген еді.

Ертіс өңірінің киелі жерлеріне қатысты Гейнс А.К. [18], В.В. Радлов[19], Н. Коншин [20] секілді зерттеушілердің еңбектерінен тақырыпқа қажетті мағлұматтар табуға болады.

XX ғасырдың I ширегінде Алаш зиялылары Ә. Бөкейханов [21], М. Тынышбаев [22], Ш. Құдайбердиев [23] еңбектерінде Ертіс өңірінің киелі географиясына қатысты мәліметтер баршылық.

Ертіс өңірінің тарихи ескерткіштерін зерттеу барысында танымал ғалым Ә.Х. Марғұланның [24] еңбектеріне жете назар аудару қажет. Ғалымның еңбектерінде Ертіс өңірінде орналасқан киелі ескерткіштерге ғылыми тұрғыда сипаттама жасалған және халықтың жыр-аңыздары жиналып, жер атауларының шығу тарихы зерттегелген.

Өзекті тақырыпты зерттеу үшін өлкетанушы Т.А. Енсебаевтың «Ертіс-Павл одар өңірінің тарихи очеркі» [25]. Ертіс өңірінің киелі жерлеріне қатысты мағлұматтарды белгілі ғалым Ж.О. Артықбаевтың Баянауыл [26], Әсіресе, ғалымның соңғы шыққан «Киелі жерлер: Әулиелі Аққөл жұмбағы» [27]- зерттеу мақаласы киелі Аққөл-Жайылма жерінің тарихи ескерткіштері жөнінде тың мағлұматтар береді.

Ертіс өңірінің қасиетті жерлері, белгілі тұлғалары, әулиелік дәстүрлер жайында белгілі ғалым Мақсат Алпысбестің «Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық шолу» монографиясы және «Көне Көктау және байырғы Баянауыл байтағының тарихы» [28] еңбектерінен қажетті материалдар табуға болады. Н. У. Шаяхметовтың Қазақстанның тарихи-географиясына арналған еңбектері [29], әсіресе теориялық-методологиялық зерттелу мәселелері, аталмыш тақырыпты ашу үшін маңызды еңбек болып табылады.

Кезінде Ш. Уәлиханов «Қазақ молалары және жалпы көне ескерткіштер» мақаласында киелі жерлерге «тілсіз ескерткіштер» деген анықтама берген. «Қазақ халқының бұл тілсіз ескерткіштері тарихи тұрғыдан гөрі географиялық жағынан анағұрлым маңызды, себебі жерленген адам аттары ел аузында мәңгілік сақталып қалады» - деген.

Ш. Уәлиханов мәлімет қалдырған киелі ескерткіштердің бірі Қозы Көрпеш жайында. «Ол Аягөз бекінісінен 90 шақырым жерде. Ғимарат қабырғасына төрт жансыз мүсін сүйеулі тұр. Бұл мүсіндер, елдің айтуынша, қазақ жыршылары ұзақ түндер бойы әңгімелейтін дастан кейіпкерлерін бейнелейді. Сол Аягөз бағытына қарай бір шақырым жерде мола құлпытасы бар, оның жанында Қозы Көрпештің қарсыласы Қодардың ұсқынсыз мүсіні тұр» - деп [24], ғалым Ертіс бойында орналасқан киелі ескерткіштің орналасқан жерін көрсетеді. Ә. Х. Марғұлан Аягөздегі бұл кешен мен оның ішінде тұрған мүсін тастар ислам дәуірінен көп бұрын жасалған өте ескі дәуірдің белгілері. Олардың шыққан кезі түрік қағанатының тұсы деп атайды. Сонымен қатар Ә. Марғұлан «Жырда айтылатын киелі мотивтердің бірі – «Шоқ терек» - дейді. Ол – Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың қызық көріп, ғашықтық өмірін қосқан, махаббат туын тігіп, екі жүректің біріккен жері. Шоқтерек кейінгі заманға дейін сақталып келген тәрізді. Қозы Көрпеш – Баян сұлу мұнарасының солтүстік батыс жағында 8 шақырымдай жерде тұрса керек» - деп, мәлімдейді. Ғалымның айтуынша, бұл Аягөз өзенің төменгі сағасы, Қозы Көрпештің ағасы Айбастың бейіті орналасқан жер деп көрсетеді [30, 15 б.].

Негізі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лирикалық жырымен Баянауыл аймағын және сол аймақта қалыптасқан киелі жер атауларын байланыстырады. «Сол Сарыбайдың жалғыз қызы Баян сұлудың

туған жері – Баянаула тауы. Бұл таудың атының Баянаула қойылған себебі «Баянауыл» деп аталып кеткеннен. Сол қыздың қарқарасы жоғалып қалған жері «Қарқаралы-Қазылық» аталған, домбырасы мен бетмоншағы түсіп қалған жері «Домбыралы-Моншақты» аталған. Жәмшісі түсіп қалған жер «Тоқырауын-Жәмшілі» аталған. Сандығы түсіп қалған жер «Алтын сандық-Ақшатау» аталған. Өлең айтып той қылған жері «Өлеңті» аталған, атының шідері түсіп қалған жері «Шідерті» аталған...» - деп жазады қазақтың шежірешісі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы [26, 22 б.].

Баянауылдың киелілігі туралы топонимикалық атауының мағынасына назар аудара кеткен жөн. М. Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігінен» «Байат» сөзінің Ұлы тәңірдің аты екені айтылады [4, 234 б.]. Бұл деректі Ж.О. Артықбаев былайша сипаттайды: «Қазақ ішінде «Байана» құдайына табыну ұмытылғанымен де, биік таулардың бауырындағы үнгірлерге барып «байанаға» тәуап ету, құрбандық шалу, сырқатқа шипа, баласызға перзент сұрау дәстүрі жалғасып келеді» - деп [26, 25 б.], Баянауыл жерінің қазақ халқы үшін мағынасы терең құт қонған жер екенін атайды.

Баянауылдағы сондай киелі үңгірлердің бірі - «Қоңыр Әулие». Үңгірге қазақтар көнеден бері келіп зиярат жасайды екен. Адамдар басында түнеп, әйелдер қауымы перзент сұраса, ауырғандар денсаулығына шипа тілейді екен. Үңгір жайында мәліметтерді Н. Коншиннің «Труды по казахской этнографии» еңбегінде жолықтырамыз. Әулиетас немесе Қоңыр әулие деп атайтын үңгір туралы ол: «Пещера Аулие – тас, находящаяся в западных склонах Баянаульских гор, считается одним из святых... . Все обряды казахов, связанные с пещерами, восходят к древнейщим понятиям и мировоззренческим устоям древних племен Казахстана. Это прежде всего представление об ином мире, где находятся источники здоровья, жизни, плодовитости и т.д. Не зря рядом с пещерой Коныр Аулие мы находим многочисленные гроты и древние капища, разрисованные солнцеголовыми существами» [20, 34 б.]. Н. Коншиннің бұл көнеден келе жатқан дәстүр деп айтуының себебі, Қоңыр әулие туралы аңызбен байланысты. Нұқ пайғамбардың үш ұлы Қоңыр, Қыран, Құлан топан су қайтқаннан кейін Баянауыл жерінде тұрақтапты. Қоңыр Жамбақы жеріндегі тауларды, Қыран Баянтаудың ұшар басын, Құлан Қызылтауды мекендегені және аңыз бойынша әр кез адамзаттың қажеттілігіне байланысты көмек жасап тұрады екен [27].

Киелі жерлерді зерттеуде маңызды дерек ретінде ауызша тарихи мәліметтерді де ескеру керек. Мәселен ел аузында аңыз болып тараған Асан Қайғының Жерұйықты іздеуі. Асан Қайғы желмая мініп 17 жыл қазақ жерін аралап жүргенде Ертіс өңірінің елді мекендеріне, киелі географиялық атауларына сипаттама берген. Баянаула тауын көргенде: «Аттың ерін алуға жарамайтұғын жер екен. Кәпір-ай, сені желкемнің шұңқыры көрсін» - деген екен. «Әйткенмен бауырында бір тұзы бар екен. Бір күн түнеп кетемін деген кісі бір жұма айналып қалады екен, тұзы жібермейді екен» - депті. Шідерті өзенін көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл. Бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын қоныс екен». Өлеңі өзенін сипаттай отырып: «Мына шіркінді көп қоныс қылған. Көп қоныс қылған елдің уайымы жоқ, тайыншасы қысыр қалмайтын, ақ айраны ерте шығып, туған балаға тамақтан басқаны ойламайтын, тоқты-торым ұрлығы, өтірік - өсегі үзілмейтін жер екен» - депті. Өлеңтінің суы май, Шідертінің шөбі мол деп жүре беріпті [31, 31 б.].

Асан Қайғының тұзға қатысты айтқан пікірлерінен тұзды жерлердің неліктен киелі екені туралы Ш. Уәлиханов келесідей мәлімет береді. «Тұзды көлдерді кен деп атайды, тұсынан әулие, не аруақ өтіп бара жатқанда көзі түскен деп түсінеді» [32, 55 б.]. Ертіс өңірінде тұзды көлдер көптеп кездеседі. XVIII ғ. Ресей отаршылдары Ертіс бойымен тұзды экспорттағандықтан Ертіс бойында қалыптасқан бекініс шептерінің көпшілігі тұз өндірумен айналысқан.

Тұзды көлдерді емдік қасиетіне байланысты қазақ халқы басында тұрақтап, әр түрлі дауадан арылу үшін деніне шипа іздеген. Қазіргі кезде Жәміш немесе Ямышев көлі деп аталып жүрген тұзды көлдің көне атауы **Емші көл** екеніне ерекше назар аударған жөн. Бұл жөнінде Г.Н. Потаниннің мәліметтеріне зер салсақ, бұл жер XIII ғ. тарихи деректерде *Емші көл* деген атпен белгілі екенін жазады. Сонымен бірге, Емші көлі Орталық Азиядағы ірі жәрмеңке орталықтарының бірі болғандығын атап көрсетеді [33, 355-356 бб.].

Көлдің аты халық арасында «Емші» деп аталуы кездейсоқ болмаса керек. Оның емдік қасиеті елге мәшһүр болғандығы анық. Сондай-ақ, ондай жерде не ірі елді-мекен, не жәрмеңке болуы заңды болып табылады.

Көл жайында Н. Коншин еңбегінде: «Среднее Прииртышье чрезвычайно богато солеными озерами. Большинство из них имеет целебный характер, и издавна местное население этим свойством озер пользуется. Соленые озера среднего Прииртышья отмечены еще в российских картах XVII-

XVIII вв. Так, одним из первых таких озер известных сибирякам еще в XVII в., было озеро Ямыш» деп, шын мәнінде «емші көл» ретінде белгілі екенін атап көрсеткен [20, 199 б.].

Бүгінгі күні көлдің емдік-шипалық қасиеті халық үшін әлі де құнды екенін ескерсек, оның атауын қалпына келтіру тарихи-әлеуметтік әділеттілік болар еді.

XVIII ғасырдағы орын алған саяси-тарихи оқиғалардың нәтижесінде Ертіс өңіріндегі киелі жер атаулары қалыптасқан. Бұл қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресі кезінде ерлік көрсеткен тұлғалар мен тарихи маңызға ие өткен шайқастарға арналған киелі нысандар. Сондай киелі нысандардың бірі Жалаулы тұзды көлі.

Жергілікті өлкетанушылардың зерттеуінде Жалаулы көлі ертеде арқа даласын мекендеген қазақ руларының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұрыс кезінде жиналып, бас қосқан орны ретінде аталған. Бұл турасында мерзімді баспасөзде бірқатар мақалалар жарияланған. Көлдің тарихы жөнінде халық аңыздары Қыпшақ шежіресінде сақталған. Сонымен қатар, аталған жер туралы деректер М. Жаманбалинов және А. Бәделханның еңбектерінде көрсетілген [34]. Ал, белігілі өлкетанушы ғалым Т.А. Еңсебаев ел аузындағы батырлардың тарихи болмысын анықтауда жүйелі түрде зерттеу жұмыстарын жүргізген. Павлодар облысы Ертіс және Ақтоғай аудандарының шекарасында, Ертіс ауданының оңтүстік-батысында, 90 шақырым қашықтықта орналасқан.

Ел аузындағы аңыз бойынша жоңғар шапқыншылығы кезінде Түгел, Жазы және Қошқарбай батырлар осы көлдің жағасында әр рудың атқа мінер азаматтарынан жасақ жинап, жалау тіккен. Сол себептен көлдің атауы «Жалаулы» атанған екен. Ертіс өңіріндегі Қошқарбай, Мойнақ, Жазы, Лепес, Өтел, Байсары және Қожаберген батырлармен бірге жоңғарларға қарсы күресте Жазы батырдың да атағы ерекше шыққан. Бірлесе тізе қосқан қыпшақтан шыққан үш батырдың әскері жоңғарлармен кескілескен ұрыста қалың жаудың бетін қайтарып, сағын сындырып, Бестөбе маңынан Сілеті өзеннің бойымен түре қуып тастаған [25, 98 б.].

Ертіс өңіріне тиісті тарихи маңызды киелі нысан – Найза мекені. Найза жері Ертіс ауданындағы Тоқта ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 15 шақырым жерде орналасқан. Бұл мекен Қанжығалы руының шежіресіндегі халық аңыздарында сақталып қалған. Сондай-ақ, Найза туралы атақты қыпшақтардың батыры Түгелге арналып жазылған М. Жаманбалинов пен А.Бәделхановтың еңбектерінде айтылған [34]. Жергілікті өлкетанушы Т.А. Енсебаевтың еңбектерінде «Ертіс маңы қазақ-жоңғар бәсекелестігінің куәсі ретінде Найза жері куә іспеттес» - деп жазады. [35]. Қанжығалы мен қыпшақ руларындағы қазақтардың аңызы бойынша, Тоқта шатқалының маңы қазақ-жоңғар бәсекелестігінің Ертістегі айқын үлгісі болып табылады. Сондай-ақ, Абылай ханның сыртқы саясатында аймақтың әскери маңыздылығы атап көрсетіледі. Тіптен, Ертіс даласы үшін қазақтардың күресіндегі шайқастарға Абылайдың өзі тікелей қатысып, оның әскері осы мекенге демалуға тоқтаған. Аңыздарға сүйенсек, Сілетінің маңайындағы жайлауға келген Абылайды жергілікті ауқатты ел ағалары күтіп алады. Орта жүздің қанжығалы руынан шыққан, он жеті мыңға дейін жылқы ұстаған, шалқыған бай Мұрат әскерін жорыққа бастап келген Абылай ханға асыл тұқымды жорыққа дайын 4000 жылқы сыйлаған. Сөйтіп дәстүрге сай төре тұқымына құрмет, сый-сияпат көрсетіп, жолға аттандырған екен.

Аңыз бойынша, хан әскерінің тұрақтаған жерінде ұзақ уақыт бойы найза қадалып тұрған. Осыған байланысты бұл жер Найза деп аталған екен [35, 97].

Ә. Бөкейханов Ертіс бойы жерлерінің киелілігі жайында «Екі жол» атты мақаласында былайша жазады: «Біз Ертісте жүз елу жыл отырмыз. Ертіс тоғайының аты коныс алған кілең бабамыздың аты. Ертісті өрлей, қуалай жүрген адамдар біледі: он шақырым жерінде қазақ бейіті қала сияқты. Ертіс бізге ата қоныс болған жер. Біз Ертісте жоңғарды күшпен қуып қоныс қылғанбыз» [21, 267 б.]- деп, бұл жерлердің қазақ елі үшін қаншалықты маңызды екеніне тоқталған.

Ертіс өңіріне қатысты мәліметтерді Ә. Бөкейхановтың А. Щербина экспедициясына қатысып жинаған деректер ішінен табамыз. «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені» («Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи» 1903) еңбегінде Ертіс өңірінде жоңғарлармен болған маңызды шайқастар жайында айтылады. Осыдан 160 жыл бұрын 1730 жылы Абылай ханға қызмет еткен Айдаболдың немересі Олжабай батыр Баянауыл тау бөктерінде қалмақтарды қырып, көп жылғы ұрыстардан кейін алғаш рет жауды кейін шегіндіруге мәжбүр еткен. Бұл жайында халық арасында суырып салма ақындар «Ер жүрек батыр Олжабай және оның даңқты ханы Абылай» - деп қошеметпен жырлайды екен.» [21, 474 б.]. Қалмаққырылған таулары Май ауданының Ақшиман ауылынан 3-4 шақырым жерде орналасқан.

Қалмаққырылған мекені жайлы ақпараттар белгілі философ және тарих білгірі Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбектерінде жазылған. Қалмаққырғанның аласа таулары қазақ-жоңғар дәуіріндегі шайқастардың басты алаңы болған. Қалмаққырған тарихи деректерде XVIII-ші ғасырдағы қазақтар мен жоңғарлардың шайқасқан жері деп айтылады. Б.Адамбаев мақаласында Н. Коншин қолжазбасы туралы дерек келтіріледі: «Жасыбай батыр Баянауыл аймағынан қалмақтарды қазақтар ығыстырған арғы замандарда өмір сүрген… Бұл дұшпанға әлденеше рет соққы берген белгілі батыр. Бір жолы қазақтардың қолбасы батыры Олжабайдың тапсыруымен Жасыбай батыр шағын жасақпен мың-мың қолмен келе жатқан қалмақ қонтайшысын тауда бөгеуге аттанады. Арада кескілескен ұрыс болады. Жасыбай асқан ерлік көрсетеді, бірақ осы соғыста сауытының ашық жерінен, желке тұсынан қалмақ қонтайшысының оғы тиіп, ол содан өледі… Қазақтар ығыса бастайды, осы сәтте қырғын болған жерге Олжабай батырдың өзі жетеді. Шатқалға қамалған қалмақтар «жан сауғалап» шулайды. Сонда олардың қонтайшысына Олжабай: «Сендердің бәрің өлген Жасыбайдың бір шынтағына татымайсындар», - деп, жауынгерлеріне жауды аямаңдар деп тапсырады. Қалмақтар бей-берекет қашып, өліктері жолдың ұзына бойына шашылып қалады. Осы ара, осы тау кейін Қалмаққырған атанған [36, 421 б.].

Мәшһүр-Жүсіптің айтуы бойынша, Баянауыл мен Қалмаққырған тауларындағы қазақ-жоңғар шайқастары нәтижесінде жоғарыда айтылғандай, қазақтар жеңіске жетіп, Сарыарқа даласының тағдыры шешілген [16].

Қазақ халқының санасында Қалмаққырғанды ерекше тарихи орын ретінде қарауы оның киелілігін айқындайды. Бұл жерді халық қазақтардың жоңғарларды талқандап, Сарыарқаны азат еткен орын ретінде қабылдаған. Бұл жер ата-бабамыздың қаны төгіліп, құнды жеңістерге қол жеткізген орын болып табылады.

Жалпы қорытындыласақ, Ертіс өңірінде батыр тұлғасына қатысты, ірі шайқастарға арналған, діни – культтік, табиғат құбылысымен байланысты қалыптасқан киелі жерлер жетерлік. Ендігі кезек, сол киелі нысандардың әрқайсысы бойынша кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы, жас ұрпақты бабаларының ізі қалған қасиетті орындарды құрмет тұтуға насихаттау.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қалжанов А. Ескерткіштер екшеуді қажет етеді. Астана Ақшамы. 19 Тамыз, 2017. http://www.astana-akshamy.kz/eskertkishter-eksheudi-qazhet-etedi/
2 Бартольд В.В. Извлечения из сочинения Гардизи Зайн аль - Ахбар: прил. к «Отчету о поездке в Среднюю Азию с научной целью, 1893 - 1894 гг.». М., 1973. Т.8. С. 23 - 63.
3 Бартольд В.В. Работы по исторической географии. М., 2002. 711 с.
4 Егеубай А.Қ. Махмұт Қашқари Түрік сөздігі. Үш томдық. Алматы: Хант, 1998. – 600 б.
5 Семенов-Тянь-Шанский П.П. Россия. Полное географическое описание нашего отечества: Настольная и дорожная книга. Т. XVIII. Киргизский край / Под ред. В.П. Семенова-Тянь-Шанского. СПб., 1903. - 479 с.
6 Циренова Л.А. Краткий философский словарь. 2-е изд. М: РГ – Пресс, 2014. - 496 с.
7 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев**.** - Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. - 477 б.
8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ бас редактор І. К. Кеңесбаев. 2 том. Алматы: Рауан, 1971. - 956 б.
9 Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка. М.: Русский язык, 1986. – 900 с.
10 Ермаганбетова К., Киелі жерлер аймақтық бренд ретінде // Ислами руханилық пен рациональдық және этно-мәдени дәстүрлер – діни экстремизмге қарсы іс-қимыл факторы ретінде. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 20 жылдық мерейтойы аясында халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ баспасы, 2016. Б. 366-369.
11 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. А.: Гл. ред. Каз. сов. энц., 1984. – 432 с.
12 Әбжанов Х. Сакральді география: мәні, құрылымы, келешегі. // «Ақселеу Сейдімбек және тарих ғылымындағы шежіретану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық

конференцияның материалдар жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ баспасы, 2017. - 6-10 беттер.
13 Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»). «Егемен Қазақстан», 12.04.2017.
14 Муминов А.К: Родословное древо Мухтара Ауэзова / А.К. Муминов, при участии А.Ш. Нурмановой и С. Саттарова. Сост. указ. У.А. Утепбергеновой; Под ред. С.Н. Абашина. Алматы: Жибек жолы, 2011. – 304 с.
15 Б. Қайратұлы «Қасиетті Қазақстан» картасы жасалуда // Егемен Қазақстан. №3. 2017. - 4 б.
16 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. Павлодар: ЭКО, 2013.
17 Казахский фольклор в собраний Г.Н. Потанина. Алматы: Наука КазССР, 1972. – 379 с.
18 Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. Изд. по гос. прогр. «Культурное наследие» – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2006. – 211 с.
19 Радлов В.В. Қазақ этнографиясы туралы еңбектері. Павлодар: ЭКО, 2005.- 390 б.
20 Коншин Н.Я. Қазақ этнографиясына байланысты еңбектері. Павлодар: ЭКО, 2005. – 310 б.
21 Бөкейханов Ә. Таңдамалы (Избранное). Гл. ред. Р. Нургалиев. Сост.: С. Аққұлұлы. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
22 Тынышбаев М. Қазақ халқының тарихы. Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2010.-229 б.
23 Құдайбердиев Ш. Түрік, қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі. Павлодар: ЭКО, 2007. – 269 б.
24 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар. Алматы: Жазушы, 1985. - 367 б.
25 Инсебаев Т.А. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. Часть 1. С древнейших времен до XX века. Павлодар : НПФ «ЭКО», 2000. – 240 с.
26 Артықбаев Ж.О. Баянауыл. Астана: Фолиант, 2009. - 312 б.
27 http://e-history.kz/kz/publications/view/3258
28 Көне Көктау байырғы Баянауыл байтағының тарихы (монографиялық зерттеу). / жауап. ред. М.А. Алпысбес. Астана: Парасат Әлемі, 2005. – 480 б.
29 Шаяхметов Н. У. Қазақстанның далалық облыстарының аграрлық келбетінің өзгеруі: тарихи-географиялық талдау (XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басы) / т.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферaты. Семей. 2010.
30 Марғұлан Ә.Х. Қозы Көрпеш – Баян сұлу кешені. Алматы: Өнер, 1994. – 32 б.
31 Сапаров Қ.Т. Баянаула топонимикасы (ғылыми-танымдық зерттеулер): монография. Алматы: CyberSmith, 2017. – 316 б.
32 Уәлиханов Ш. Тәңірі: Таңдамалы. А.: Халықаралық, Абай клубы, 2013. – 392 б.
33 Потанин Г.Н. Үш томдық таңдамалы шығармалары. 1 том. Саяхаттар, естеліктер және хаттар. Павлодар: ТОО «Эко», 2005.- 550 б.
34 Жаманбалинов М., Бәделханов А. Түгел батыр және оның ұрпақтары (тарихи аңыздар, шешендік толғаулар, шежіре-деректер). Павлодар: ЭКО, 1998. - 121 б.
35 Инсебаев Т.А. Павлодар Ертіс өңірінің тарих беттері: 2 том / бас.ред. А. Нұхұлы. – Павлодар: ПМПИ, 2017. – 228б.
36 Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары. Астана: Фолиант, 2017. – 504 б.

ПРОБЛЕМА НАУЧНОГО ИССЛЕДОВАНИЯ САКРАЛЬНЫХ МЕСТ ПРИИРТЫШЬЯ

М.И. Рахимов
PhD докторант (История)
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Казахстан, г.Астана, email: madi_025@mail.ru

В статье рассматривается этимология терминов «сакральный», «священный» в социально- политическом и научном использовании изучения священной географии Казахстана. Основная цель статьи - проанализировать исследования ученых, посвященных святым местам Иртыша, определить место, значение и

актуальность этих священных объектов в духовных условиях Казахстана. Дается анализ научных и теоретических основ понятия «священная земля» в историческом сознании.

***Ключевые слова**: духовное возрождение, святые места, священная земля, Прииртышье, озеро Ямыш*

THE PROBLEM OF SCIENTIFIC RESEARCH OF SACRED PLACES OF THE IRTYSH REGION

M.I. Rakhimov
PhD student (History)
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Kazakhstan, Almaty, email: madi_025@mail.ru

The article deals with the etymology of the terms "sacral", "holy" used in the socio-political and scientific environment, as well as in the process of researching the sacral geography of Kazakhstan. The main goal of the article is to analyze the research of scientists dedicated to the holy places of the Irtysh, to determine the place, significance and relevance of these sacred objects in the spiritual conditions of Kazakhstan. An analysis is given of the scientific and theoretical foundations of the concept of "sacred land" in historical consciousness.

***Keywords:** modernization of Kazakhstan's identity, sacred places, holy land, Irtysh region, lake Yamysh*

ПЕДАГОГИКА
ПСИХОЛОГИЯ

PEDAGOGY
PSYCHOLOGY